



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

трансформации, иногда совмещая их. Но не всегда переводчики пользовались рекомендациями самого автора, оставленными в «Руководстве...», что, по нашему мнению, противоречит принципам работы переводчика. Также необходимо учитывать, что многие имена собственные в произведении являются неологизмами, созданными самим писателем, и только он может точно знать, как правильно передать их смысл в переводе на другие языки. И в заключении необходимо подчеркнуть, что поиск «золотой середины» между четким следованием авторским рекомендациям и русификацией всего текста оригинального произведения является неотъемлемой задачей переводчика произведений жанра фэнтези.

Список использованных источников:

1. Райс К. Классификация текстов и методы перевода // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. М.: 1978, С. 202-228
2. J. R. R. Tolkien. The Lord of the Ring: Part 1: The Fellowship of the Ring. – L., HarperCollins Publishers, 2014. – 432 p.
3. Дж. Р. Р. Толкиен. Властелин Колец: Братство Кольца. – М.: АСТ, 2016. – 480 с. (перевод Натальи Григорьевой и Владимира Грушецкого)
4. Дж. Р. Р. Толкиен. Повесть о кольце. – М.: Интерпринт, 1990. – 223 с. (перевод Зинаиды Бобырь)
5. Дж. Р. Р. Толкиен. Властелин Колец: Братство Кольца. – М.: Астрель, 2013. – 576 с. (перевод Владимира Муравьева и Андрея Кистяковского)
6. Дж. Р. Р. Толкиен. Властелин Колец: Братство Кольца. – М.: Центрполиграф, 2003. – 448 с. (перевод И. И. Мансурова)

ӨОЖ 811.133.1'373.

ІСКЕРІ ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Сыдиық Жансая Саясатовна

zhansaya_s_95@mail.ru

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 4-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қызырова А.М.

Аударма ісі өткен тарихта болсын, бүгінгі күнімізде болсын мәдениеттерді байланыстыру құралы ретінде қызмет етіп келеді. Аударма – тілдік қонақжайлылық, кеңпейілділік, кеңшілік түрі. Аударма – өз тіліңді қайта ашудың, өз тіліңді байытудың, соның әсерінен өз мәдениетіңнің көкжиегін кеңейтудің пәрменді құралы. Ендеше, аударма мәселесі мәдени ортақтасуды жүзеге асыратын мәдениеттер сұхбаты мәселесімен иық тіресе жүрері сөзсіз.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі ғылымында арнайы зерттеуді талап ететін салалардың бірі – аударманың теориясы. Бұл сала – қазақ тілтанымы үшін әлі жетілмеген, тиісті деңгейдегі ғылыми сипатын ала қоймаған тіл білімі салаларының бірі. Сондықтан бұл ғылымның негізгі бағытын айқындап бере алатын бірқатар ұғым-түсініктердің даралана қоймау себептері де осыған тікелей байланысты.

Қазіргі қазақ тіл білімінде аударма мәселесімен түбегейлі айналысып жүрген ғалым А.М.Алдашева докторлық диссертациясында «...қазірге дейін аударма теориясының басты дәйектемелері, шешуші негіздері, аударматану ғылымының басты объектісі мен ұстанымдары, әдіс-тәсілдері мен бірлік тұлғалары, аударманың нормасы, тәржіма ісіне қойылатын талаптар сияқты маңызды жағдаяттардың анық-қанығы ғылыми тұрғыдан анықталған емес», – деп атап өткен. Жалпы, Қазақстан тіл білімінде аударма теориясының қалыптасуына Ө.Айтбаев, А.М.Алдашева, Б.Хасанов, Р.З.Загидуллин, Н.Ж.Шаймерденова және т.б. ғалымдардың еңбектері үлес қосады [1]. Аударма теориясының негізін қалаушылар

– К.И.Чуковский, Н.С.Гумилев, А.В.Федоров сынды кеңес ғалымдары. 1930 жылы К.И.Чуковский мен А.В.Федоровтың «Искусство перевода» атты кітабы жарық көрді. Бұл зерттеу еңбегі аударма теориясының жаңа ғылым саласы, ерекше пән ретінде қалыптасуына өз үлесін қосты.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен байланысты мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметін артыру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін үкімет тарапынан бірнеше маңызды ресми құжат қабылданды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту бағдарламаның негізгі мақсатының бірі ретінде көрсетілген. Бұл мақсатты іске асыру үшін мемлекеттік тілдің іс жүргізудегі негізгі тіл ретіндегі қолданылуын қамтамасыз ету міндеттері белгіленеді. Үкімет тарапынан қабылданған, іске асыруды талап ететін мемлекеттік маңызы бар ресми құжаттар ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізудің бір жүйеге түспегендігін, оны қалыптастыру мен дамыту мәселесінің өзекті екендігін көрсетеді.

Қазіргі таңда Қазақстанға егеменді ел ретінде басқа мемлекеттердегі іскер топтардың қарым-қатынас байланысы артып, түрлі келісім-шарттар жасалуда. Осыған орай елдер арасындағы саяси, экономикалық, ғылыми және мәдени байланыстар, түрлі мақсаттағы қарым-қатынастардың нығая түсуіне байланысты қолданыстағы құжаттар санының артуы занды.

Ресми құжаттар – тұтас құрылым. Соған орай, оның кейбір стильдік ерекшеліктері және оларды жазуда ескерілетін емле қағидаларына да көңіл бөлінеді. Ол сауаттылықты арттырып, ресми тілде қолданылатын тілдік құралдарды орынды қолдануға бағыт сілтейді.

Қазақ ғалымдарының ішінен бұл саланы, яғни жалпы қазақша ресми құжаттарды жүргізуді зерттеген ғалымдарға Пірімбетова М., Салагаев В., Шалабай Б., Ақанова Д., Алдашева А., Ахметова З. мен Сүлейменова Э. Секілді ғалымдар зерттеген болатын.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» тіл саясатын іске асырудың алғашқы кезеңінде негізгі төрт бағытта іс-шаралар жүргізеді. Соның бірі – ресми іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшірудің нақты негізін жасау.

Іс қағаздарын қазақша жүргізу – мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.

Іс қағаздарының түрлері өте көп, олардың негізгі түрлерін мақсаты мен мазмұнына, жасалған орнына, жасалу сатысына, қызметіне, формасына, т.б. ерекшеліктеріне қарап топтастыруға болады.

Іс қағаздарының түрлері үшке бөлінеді:

I. Азаматтық қарым-қатынас құжаттары.

II. Жеке бас құжаттары.

III. Басқару, ұйымдастыру құжаттары.

Фразеология термині белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы деген мағынамен қатар, тіл білімінің фразеологизмдерді зерттейтін саласы деген ұғымда да қолданылады. I. Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» қазақ фразеологиясына ғана емес, қазақ тіл біліміне де қосылған елеулі үлес. I. Кеңесбаев аталған сөздіктегі қазақ тілінің фразеологизмдері туралы жазған мақаласында фразеология туралы: «Тіл-тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан (ярустарынан) байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді.

Фразеология жеке лингвистикалық пән ретінде XX ғасырдың 40 жылдары қалыптасты. Фразеологияның теориялық негізін қалаушылар ретінде француз ғалымы Ш. Баллиді, Ресей академигі В. В. Виноградовты атауға болады. Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбекте: «Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш белгісі бар. Олар: 1) даяр қалпында жұмсалып белгісі, 2) мағына тұтастығы, 3) тіркес тиянақтылығы», – деп жазады.

Фразеологизмдерге тән бұл белгілер әркез бір-бірінен айқын ажыратыла бермейді. Сондықтан фразеологизмдерді топтастыру тіл біліміндегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Британдық және американдық баспасөздер мен іскерлік қарым-қатынас фразеологиялық бірліктерге толы. Көптеген фразеологиялық бірліктер түрлі салалардан келген. Идиомалар мен тұрақты тіркестердің басым көлемі өнер, спорт, әскери лексикондардан келген. Ағылшын іскерлік тілі фразеологиялық бірліктерге толы. Идиомалар мен ФБ оқи отыра, біз ағылшын іскерлік тілін түсіне бастаймыз.

Мысалы, «game plan» тіркесі спорт саласынан енген. Оның іскерлік тілдегі мағынасы «жоспарды іске асыру»;

«to drop the ball» мағынасы «қарсыласқа мүмкіндікті беру»;

«to pull out all the stops» мағынасы «барлық мүмкіндікті пайдалану», бұл тіркес музыка саласынан еніп отыр;

«to bite the bullet» мағынасы «маңызды қадамға бару», ал бұл тіркес әскери лексиконнан келіп отыр;

«in the black» мағынасы «пайда көру»;

«to leapfrog one's competitions» мағынасы «қарсыластардан озу»;

Sony has made a killing on its popular Play Station line деген сөйлемде *to make a killing* тіркесі «үлкен көлемде пайда көру» мағынасында тұр.

In 1985, the Coca-Cola Company released New Coke. It was a real dog and was in stores for only a few months деген сөйлемде *a real dog* тіркесі «коммерциялық сәтсіздік» мағынасында қолданылып тұр.

Фразеологиялық бірліктерге мысал:

to cost an arm and a leg – өте қымбат тұру;

to play one's card right – жағдайды тиімді пайдалану;

Идиомалар:

Tom was on the ball – Том өте ақылды жұмысшы немесе Ол әрқашан істің мән-жайын біледі.

He had a good track record – Оның жұмыс тәжірибесі мол.

He had a good nose for a sale – Ол саудада нағыз маман.

He always played his cards right. – Ол әрқашан дұрыс шешім қабылдайды.

In the end he was fired. – Ол жұмыстан шығарылды.

He began to lose his touch. – Ол көп қателік жібере бастады.

Let's deal him in and give him a piece of the cake – Ол да біздің жұмысқа кірсін де, өзінің тиесілі үлесін алсын.

The manager has put our project into cold storage, so it is still up in the air. – Менгеруші біздің жобаны кейінге қалдырғандықтан, бұл мәселе әлі де шешімін тапқан жоқ.

The company has gone on the hook recently. – Жақында компания қарызға батты.

Кей жағдайда ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірлікті қазақ тіліне аудару барысында ұқсас баламасы табылмаса, онда аударманың мағынасы калькалау арқылы аударылады. Одан кейін суреттеу аудармасы мен қазақ тіліндегі баламасы салыстыру үшін қолданылады. Бұл жағдайда аударма аралас жасалды деп айта аламыз. Мысал келтірейік:

front bench фразеологиялық бірлігін алайық, калькалау жолмен аударылғанда *алдыңғы орын (отырғыш)* – яғни қауым Палатасының орны, басқа орындарға қарағанда алдыңғы қатарда орналасқан. Ал ұқсастырып баламалау келесідей – *министерлік орын*. Реалии сөздерді анағұрлым айқын көрсету үшін суреттеу аудармасы алынады – *үкімет министрлері мен оппозицияның «көлеңке кабинетіндегі» өкілдеріне арналған палатадағы өкілдердің орны*.

Ойымызды қорытындылай келе, ресми-іскерлік және құжаттар тілін қарастырғанда аса назар аудартатын мәселе – аударма болып табылады. Аударма мәселесі қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің біріне айналғаны өтірік емес. Әсіресе құжаттар тіліне келгенде аударма мәселесі аса назар аударуды талап етеді.

Басты мақсат – көпшілікті екі тілде (ағылшын және қазақ) іс қағаздарын жүргізу

негіздерімен, құжат ресімдеу үлгілерімен таныстыру, қазақша іс қағаздарын жүргізу дағдыларын меңгерту, ұйымдардағы іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастыру жүйесі, іскерлік қарым-қатынас жүргізу жүйесі жөнінде жалпы түсінік беру

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.
2. Әшірова Б. Қазіргі қазақ ресми ісқағаздары туралы
3. Дүйсембекова Л. Ресми ісқағаздарын аудару мәселелері

ӨОЖ 811.512.122:81'25

МЕДИА-МӘТІНДЕГІ КӘСІБИ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН АУДАРМАСЫ МӘСЕЛЕСІ

Тельман Айгерим Аманжолқызы

aigerim.telman@mail.ru

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 2-нші курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қоңыратбаева Ж.М.

Қазіргі заманда қоғамның ақпараттануы кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндік құрылымын зерттеу өзекті болып танылуда. Ақпаратты тасымалдаумен қатар, БАҚ басқа да қызмет атқара бастады: беделді әлеуметтік топтар ақпаратты сұрыптау арқылы қоғамға әсер етеді. Неміс әлеуметтанушысы Н. Луманның айтуы бойынша, бүгінгі күні әлем жайындағы шындық БАҚ ықпалымен қалыптасады, тіпті біздің қоршаған орта жайындағы барлық білім БАҚ арқылы келеді [1, б. 8]. Осылайша, қазіргі заманда БАҚ билік құралы да, ақпараттық диктаторлықтың қаруы да, қоғамның ерекше әлем бейнесін қалыптастыратын әдіс те болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары қалыптастыратын мәтіндер әлеуметтік маңыздылығы жағынан да, сандық жағынан да басқа мәтін түрлерінен асып түседі. БАҚ мәтіндерінің доминанттығы бірнеше факторға байланысты. Біріншіден, қоғам өзінің дамуы барысында арнайы мәтіндер қалыптастыратын ақпараттық құрылымдар жасады. Тұлға медиа-кеңістікпен әрдайым қарым-қатынаста болады, әртүрлі медиа-хабарларды қабылдап, олардың әсерінен пайда болған әлем бейнесіне сәйкес әрекет етеді. Екіншіден, шындық жайлы әлеуметтік жағынан маңызды ақпараттың көзі бола тұра, БАҚ мәтіндері тұлғаның қоршаған ортадағы бағдары ретінде қолданылады. Үшіншіден, БАҚ-тың қашықтықтан сипаттайтын оқиғалары уақыт және кеңістік шектеулерін бұзып, индивидке әлдеқайда көп ақпаратқа ие болуға мүмкіндік береді.

Медиа-мәтін тіліндегі кәсіби лексиканы зерттеу қазіргі кездегі тілдің даму деңгейін, әлемнің тілдік бейнесін анықтауға мүмкіндік береді. Сол себепті медиа-мәтін лексикасын, соның ішінде терминологиясын зерттеу қажеттілігі туындайды.

Медиа-мәтін лексикасы өзге маман иелеріне түсініксіз болатын арнайы лексикадан ғана емес, жалпы әдеби тіл, терминдер мен кәсіби жаргондардан құралады. Сонымен қатар, БАҚ тілі ауызекі сөйлеу тіліне жақындығымен ерекшелінеді. Бұл БАҚ сынды қоршаған ортамен, қоғаммен, мәдениетпен тығыз байланысты салалардың лексикасына тән қасиет.

Белгілі бір тілдің терминологиялық жүйесін жасауда, оны қалыптастыруда аударманың маңызы зор. Жалпы адамзат мәдениетінің рухани байлықтар алмасуының нәтижесі екені тарихтан мәлім. Әрбір ел, әрбір ұлт бір-бірімен қарым-қатынас жасай келе, мәдени, рухани құндылықтарымен, көзқарасымен алмасып, аңыз-әңгімелерді ауыздан-ауызға таратқан. Соның нәтижесінде өзінде жоқты өзгеден алып, өз халқының рухани байлығын молайтып отырды. Осы үдерістің бәрінде де аударма ісінің атқарған қызметінің айрықша екенін атап